1.	Оқытушылардың сабақтарына оларды талдаумен қатысу (оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау)	Кесте бойынша	Бөлім меңгерушісі
2.	Директорлық бақылау жұмыстарын өткізу	Колледжішілік бақылау жоспары бойынша	Бөлім меңгерушісі
3.	Топтық сынып сағаттарына қатысу және оны талқылау	Кесте бойынша	Бөлім меңгерушісі

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН АВТОМОБИЛЬ БӨЛІМІ  
МЕҢГЕРУШІСІНІҢ ЖҰМЫСЫ**

<b>ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ОҚУ ҚҰЖАТТАМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ</b>			
1.	Қажетті құжаттамаларды дайындау: а) контингентті есепке алу журналы (қабылдау және оқудан шығару); б) ата-аналармен жұмыс журналы; в) коммерциялық топтарда оқу ақысын төлеу журналы; г) сабаққа кешіккен студенттердің журналы д) оқу үдерісіне арналған қажетті бланкілерді дайындау	10.10.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
2.	Оқу сабақтарының сынып журналдарын дайындау	10.09.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
3.	Күнделікті, ағымдық жұмыстар туралы бөлім журналын дайындау	10.09.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
4.	Студенттермен жұмыстарды есепке алу журналын дайындау	10.09.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
5.	Бөлім кеңесі жұмыстарын есепке алу журналын дайындау	10.10.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
6.	Студенттердің жеке карточкаларын жаңалау	10.10.23 ж.дейін	Бөлім меңгерушісі
<b>ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРЫН ӨНДЕУ</b>			
1.	Жаңадан қабылданған топтар үшін журналдар ресімдеу	16.09.23ж. дейін	Бөлім меңгерушісі, Сынып жетекшісі
2.	Бөлімдегі жеке құрам бойынша карточкаларды ресімдеу және компьютерге дерекқор құрамына енгізу	30.09.23ж. дейін	Бөлім меңгерушісі, Сынып жетекшісі
3.	Жаңадан қабылданған студенттерге есеп кітапшалары мен студенттік билеттер ресімдеу	2.10.23ж. дейін	Бөлім меңгерушісі, Сынып жетекшісі
4.	Жаңадан қабылданған студенттердің жеке істерімен жұмыс	2.10.23ж. дейін	Бөлім меңгерушісі, Сынып жетекшісі

**ОҚУ ҮРДСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

1.	Топтардың старосталарын тағайындау туралы бұйрықтың жобасын дайындау	05.09.23 ж. дейін	Бөлім меңгерушісі
2.	Бюджеттік негізде оқитын оқушыларға шәкіртақы тағайындау туралы бұйрықтың жобасын дайындау	Жаңадан қабылданған дар үшін 05.09.23 ж. дейін	Бөлім меңгерушісі
3.	Оқушыларды келесі курсқа көшіру туралы бұйрықтың жобасын дайындау	05.09.23 ж. дейін	Бөлім меңгерушісі
4.	Айлық аттестаттаудың және бөлім белсенділерінің жоспарлық жұмысының қорытындысы бойынша бөлім белсенділерінің отырысын өткізу	ай сайын ағымдағы айдың 15 дейін	Бөлім меңгерушісі сынып жетекшісі, бөлім белсенділері
5.	Бөлім студенттерінің үлгерім және сабаққа қатысу мәселелері бойынша кіші педкеңестің отырысын өткізу	қажеттілігіне қарай	Бөлім меңгерушісі сынып жетекшісі, пән оқытушылары
6.	Емтихандық сессиялардың қорытындылары бойынша үлгерім мен сабаққа қатысу экранын шығару	Жылына 2 рет	Бөлім меңгерушісісыны п жетекшісі
7.	Сынып жетекшілерінің семинарларының, психологиялық-педагогикалық, пәндік комиссия отырыстарының, ОТК, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестің, жаңарту технологиялары семнарларының жұмыстарына қатысу	Жоспарға сәйкес	Бөлім меңгерушісі
8.	Студенттердің жатақханаға орналасуын бақылау	20.09.23 дейін	Бөлім меңгерушісі сынып жетекшісі

**АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС**

1.	Жаңадан қабылданған оқушылардың жалпыколледждік ата-аналар жиналысына қатысу	29.08.23 дейін	Бөлім меңгерушісісыны п жетекшісі, әкімшілік
2.	Топтық ата-аналар жиналысын өткізу	Ай сайын	Бөлім меңгерушісісыны п жетекшісі

3.	Тұрмыс жағдайын және өзін-өзі дайындау жағдайын тексеру мақсатында тұрмысы төмен студенттердің, көп балалы отбасылардың студенттерінің пәтерлеріне бару	Қажеттілігін е қарай	Бөлім меңгерушісісіны п жетекшісі
4.	Ата-аналармен жеке жұмыс	Үнемі жыл бойы	Бөлім меңгерушісі
5.	Оқушылардың ата-аналарына 1 және 2 семестрдің қорытындысы бойынша үлгерімдері мен сабаққа қатысулары, колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысқандары үшін алғыс хаттар дайындау	Жылына 2 рет	Бөлім меңгерушісісіны п жетекшісі

### ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ

1.	Топтық іс-шараларды, ашық сынып сағаттарын, жалпыколледждік іс-шараларды дайындауды және өткізуді бақылау	Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес	Бөлім меңгерушісі
2.	Бірінші курс оқушысының апталығы бойынша іс-шараларды бақылау және қатысу	Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес	Бөлім меңгерушісі
3.	ТР, ТРэ, ЭА бітірушілерінің салтанатты жиналысын дайындау және өткізу	Наурыз, маусым.	Бөлім меңгерушісісіны п жетекшісі, бөлім белсенділері
4.	Студенттермен үнемі жеке жұмыс – сұхбаттасуды жүргізу	үнемі	Бөлім меңгерушісі

### СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН ЖҰМЫС

1.	Келесі мәселелер бойынша сынып жетекшілерімен отырыс өткізу: а) топта тәрбие жұмысын ұйымдастыру; б) ағымдық үлгерім; в) студенттермен сыныптан тыс жұмыс; г) студенттермен, ата-аналармен жеке жұмыс; д) оқушылардың пәтерлеріне бару	Айына 1 рет	Бөлім меңгерушісі,сын ып жетекшісі
2.	Топтық сынып сағаттарына қатысу және оларды талқылау	Тәрбие жұмысының жоспарына	Бөлім меңгерушісі

		сәйкес	
<b>БӨЛІМНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС</b>			
1.	Оқытушылардың сабақтарына қатысу және оларға талдама жасау	ішкі бақылау кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі
2.	Міндетті бақылау жұмыстары, курстық жобалар, директорлық бақылау жұмыстары кестелерінің орындалуын бақылау	Кесте бойынша	Бөлім меңгерушісі
3.	Студенттердің ағымдық үлгерімдерін даярлау кезінде пәндік циклдық комиссияның жұмысына қатысу	үнемі	Бөлім меңгерушісі
4.	Тексеру мақсатында журналдарды қарау: а) журналды ресімдеудің дұрыстығы, жазбалардың мұқияттылығы; б) студенттердің үлгерімдері мен бағалардың болуы; в) студенттердің сабаққа қатысуы; г) қатыспаған сабақтарды және екілік бағаларды өтеу. д) тәртіп жөніндегі журналды тексеру	семестрде 2 рет	Бөлім меңгерушісі
<b>ОҚУ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДИПЛОМАЛДЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ</b>			
1.	Студенттерді практика нысандарына бөлу бойынша бұйрықтың жобасының дайындалуын бақылау	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі, ОӨЖ бойынша директордың орынбасары, сынып жетекшісі
2.	Студенттерге курстар бойынша практикаға шығарлары алдында нұсқамалық жиналыстың өткізілуін бақылау	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі, ОӨЖ бойынша директордың орынбасары, сынып жетекшісі
3.	Студенттердің практикаға қатысуын бақылау	Ішкі бақылау кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісісыны п жетекшісі
4.	Студенттердің практика бойынша есептерін өткізуді бақылау	Ішкі бақылау кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісісыны п жетекшісі

<b>ТР, ТРэ, ЭА МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАУ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ</b>			
1.	Дипломалдылық практика жетекшілерін тағайындауға қатысу	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі
2.	Дипломдық жобалау жетекшілеріне студенттерді бекіту	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі, ПЦК төрағалары
3.	Циклдық комиссия төрағаларымен бірге ТР, ТРэ мамандықтарының дипломдық жобалармен жұмыс кестесін құру	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі, ПЦК төрағалары, оқу меңгерушісі
4.	Дипломдық жобалармен жұмыс істеу және мемлекеттік емтихандарға дайындалу кестесінің орындалу барысын (пайыз қою) бақылау	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі, ПЦК төрағалары, оқу меңгерушісі
5.	ТР, ТРэ, ЭА мамандықтары бойынша МҚАК жұмысының кестесін құру	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі
6.	ТР, ТРэ, ЭА мамандықтары бойынша МҚАК жұмысы үшін қажетті құжаттамаларды дайындау	ақпан, мамыр, маусым	Бөлім меңгерушісі
7.	ТР, ТРэ мамандықтары бойынша дипломдық жобаларға пікірсарапшыларды тағайындау	Қаңтар	Бөлім меңгерушісі
8.	Бітірушілердің салтанатты жиналысын дайындау және өткізу	Наурыз, маусым	Бөлім меңгерушісі, сынып жетекшісі, бөлім белсенділері

### **СЫРТТАЙ БӨЛІМ МЕНГЕРУШІСІНІҢ ЖҰМЫСЫ**

<b>№ р/с</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>жауаптылар</b>
<b>1. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ</b>			
1.	2 НК нысаны бойынша есеп құрастыру	01.10.2023 ж. дейін	Бөлім меңгерушісі
2.	Автокөлік және су кәсіпорындарымен жаңа оқу жылына жаңадан қабылдау мәселесі бойынша тығыз және жүйелі байланысты үзбеу	Жыл бойы	Бөлім меңгерушісі



3.	Студенттер контингентінің қозғалысы туралы бұйрықтар беру	үнемі	Бөлім меңгерушісі
4.	Зертханалық-емтихандық сессияны өткізу	Кестеге сәйкес	Бөлім меңгерушісі
5.	Ұйымдастыру және өткізу: Мемлекеттік емтихандар - ЗСВ; Дипломдық жобаларды қорғау - ЗТР	Кестеге сәйкес	Бөлім меңгерушісі
6.	ЗТР топтарының дипломалдылық практикалардан өтуі	Кестеге сәйкес	Бөлім меңгерушісі
7.	Дипломдық жобалау - ЗТР	Кестеге сәйкес	Бөлім меңгерушісі
8.	зертханалық-емтихандық сессияға сабақ кестелерін жасау	Кестеге сәйкес	Бөлім меңгерушісі
9.	Студенттердің жалпы мәліметтері туралы журналдарды, оқу сабақтарының журналдарын және басқа да оқу-әдістемелік құжаттамаларды ресімдеу (топтар бойынша)	Сессияға дейін	Бөлім меңгерушісі
10.	Барлық қажетті оқу-әдістемелік құжаттамаларды дайындау	Қыркүйек, қазан 2023	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
11.	Оқу үдерісінің кестесін құру және ресімдеу	қыркүйек 2023 ж.	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
12.	1 курс студенттері үшін шолу-бекіту сабақтарын өткізу	Қазан 2023 ж.	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
13.	Бақылау жұмыстарын орындау үшін әдістемелік нұсқаулар мен тапсырмаларды берілуін қамтамасыз ету	1 курс- қазан, 2,3 курс – оқу сессиялары кезінде	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
14.	Бақылау жұмыстарын тіркеу журналын уақытында толтыру	Бақылау жұмыстары келіп түсуіне қарай	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
15.	Студенттердің жеке істеріне, жалпы мәліметтер кітабына әртүрлі мәліметтерді енгізу	Мәліметтердің түсуіне қарай	Бөлім меңгерушісі
16.	Сессия кезінде басқа жерлерден келген студенттерді қабылдау және жатақханаға орналастыруды ұйымдастыру	Сессия уақытында	Бөлім меңгерушісі
17.	Бітіруші курс студенттері үшін барлық құжаттамаларды дайындау (бұйрықтар, қорытынды ведомость, есеп кітапшалары)	Кесте бойынша	Бөлім меңгерушісі
18.	Емтихан ведомосттарын дайындау	Емтиханға дейін	Бөлім

			меңгерушісі
19.	Тапсырылған емтихандар мен сынақтар туралы мәліметтерді енгізу	Әрбір емтихан мен сынақтан кейін	Бөлім меңгерушісі
20.	Әліпбилік кітапқа контингенттің қозғалысын есепке алуды жүргізу	үнемі	Бөлім меңгерушісі
21.	Оқытушылардың орындалған сағаттарын есепке алуды жүргізу. Оқытушылардың еңбекақысын төлеуге анықтамалар жасау	Жыл бойы сессиядан кейін	Бөлім меңгерушісі
22.	Студенттердің оқу ақысын төлеуін бақылау	Жыл бойы	Бөлім меңгерушісі
23.	Бітірушілерге дипломдарды тапсырып беру	Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес	Бөлім меңгерушісі
<b>2. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС</b>			
1.	студенттердің сессияға қатысуын бақылау	сессия кезінде	Бөлім меңгерушісі
2.	Сабақтардың өткізілуін сапасын және сабақ кестесінің сақталуын жүйелі бақылау	сессия кезінде	Бөлім меңгерушісі
3.	Жаңадан қабылдан топтардың старосталарымен, оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіре отырып, сұхбат өткізу	сессияның басында	Бөлім меңгерушісі
4.	Әдістемелік сипаттағы және оқу қызметінің мәселелерін қарастыру мақсатында пәндік комиссиялардың отырыстарына қатысу	Жыл бойы	Бөлім меңгерушісі
5.	Барлық пәндер бойынша күнтізбелік жоспарлардың болуын және олардың бағдарламаларға сәйкестігін тексеру	Сессия басталуға 10 күн қалғанға дейін	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
6.	Бақылау тапсырмаларын қажетті мөлшерде көбейту	Жыл бойы	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
7.	ТР, СВ мамандықтарының барлық пәндері бойынша бақылау тапсырмаларын жаңарту	Қажеттілігіне қарай	Бөлім меңгерушісі, с/б әдіскері
9.	Дипломдар мен бағалар қосымшасын уақытында ресімдеу	Диплом қорғау мен мемлекеттік емтихандарды тапсырғаннан кейін	Бөлім меңгерушісі
<b>3. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ</b>			
1.	Оқу, тәртіп және сабаққа қатысу мәселелері бойынша студенттердің топтық жиналыстарын өткізу	Сессия басында	Бөлім меңгерушісі

2.	Жатақханада тұратын студенттермен ішкі тәртіп ережелері туралы жиналыс өткізу	Сессия кезінде	Бөлім меңгерушісі, комендант
3.	Оқу үлгерімі, сабаққа қатысу, оқу ақысын төлеу және басқа да мәселелер бойынша топта жиналыс өткізу (аптасына 1 рет)	Сессия кезінде	Бөлім меңгерушісі
4.	Колледждің жалпы іс-шараларына қатысу	Мүмкіндікке қарай	Бөлім меңгерушісі

**ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ**  
**2023-2024 оқу жылы**

<b>№ р/с</b>	<b>Жұмыстардың атаулары мен мазмұны</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Оқу және өндірістік практикалардың күнтізбелік кестелерін әзірлеу	тамыз	Васильев О.А.
2.	Үлгілік жоспарларға сәйкес оқу және өндірістік практикалардың жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және бекіту	қыркүйек	Васильев О.А. ПЦК төрағалары, Практика жетекшілері
3.	Өндірістік практикалардың күнтізбелік-тақырыптамалық жоспарларын бекіту	қыркүйек	Васильев О.А. ПЦК төрағалары, Практика жетекшілері
4.	Мамандықтар бойынша өндірістік практикалар мен тағылымдамадан өту үшін бар вакансиялар туралы ақпараттар жинау.	қыркүйек	Васильев О.А., Бөлім меңгерушілері, ПЦК төрағалары
5.	Студенттердің өндірістік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын беруге сұраныстар	қыркүйек	Васильев О.А.
6.	Өндірістік практикаларды өткізу бойынша ұйымдастыру жиналыстарын өткізу	Кесте бойынша	Директордың ОӨЖ бойынша орынбасары, практика жетекшілері
7.	Студенттердің өндірістік практикасын ұйымдастыру бойынша бұйырқтарды дайындау	Кесте бойынша	Васильев О.А.
8.	Оқу және өндірістік практикаларды өткізу кезінде	Кесте бойынша	Васильев О.А. практика

	нұсқаулықтың жүргізілу сапасын және ҚТсақтауды жүргізу және бақылау		жетекшілері
9.	практикаға дайындалу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау және студенттердің практикадан өтуі және олардың тапсырманы орындағаны туралы есептерін жетекшілердің өткізуін бақылау.	Жыл бойы	Васильев О.А.
10.	Практика аяқталғаннан кейін жетекшілермен мәжіліс өткізу және жұмыстарын талдау.	Жыл бойы	Васильев О.А., Бөлім меңгерушілері, ПЦК төрағалары
11.	Практикалардың барлық түрлерінің, кәсіптік оқыту курстарының ОӘК қалыптастыру	1 семестр 2021-22 о.ж.	Васильев О.А., ПЦК төрағалары практика жетекшілері
12.	41 ЭВП, 41 СВ, 41 СМ топтарында технологиялық жүзу практикасының аяқталуы	Қазан 2023 ж. Қараша 2023 ж. қараша 2023 ж.	Васильев О.А.  Соколов В.А.
13.	Технологиялық практиканың аяқталуы 41ТР	05.10.23	Васильев О.А.  Исаев Ж.А.
14.	31 ЭВП тобында гидрометриялық практика	01.09.-19.10.23	Васильев О.А.
15.	Оқу практикасы: 31 ДМк, 31 ТРк 32 ТР 31 СМ	Оқу үрдісінің кестесі бойынша	Васильев О.А.  Сулейменов А.Б. Практика жетекшілері
16.	Технологиялық практика: 41ТРк 42 ТР э 43ТРк 44ТРм 41ДМк 42 ДМк	Оқу үрдісінің кестесі бойынша	Васильев О.А.  Практика жетекшілері
17.	Технологиялық практиканы ұйымдастыру: 41 ЭАк, 42ЭАк, 43ЭА	Оқу үрдісінің кестесі бойынша	Васильев О.А. Практика жетекшілері

18.	Дипломалдылық практиканы ұйымдастыру 41ТР 42 ТР эк 43ТРк 44ТРм 41ДМ	Оқу үрдісінің кестесі бойынша	Васильев О.А. Практика жетекшілері
19.	Жұмысшы кәсібін алуға арналған өндірістік практиканы тексеру кестесін құру	15 қазан 2023 ж.	Васильев О.А.
20.	Колледж мамандықтары бойынша өндірістік практикадан өтуге кәсіпорындармен келісімшарттар жасау	Әр практиканың алдында	Нугымаров А.С. Васильев О.А.
21.	Колледждің оқу шеберханаларында сайыстар өткізу	Оқу шеберханаларының жоспары бойынша	Каржаубаева Ж.К. Сулейменов А.Б.
22.	«В және С1» санатты жүргізушілерді дайындау бойынша курстардың жұмысын ұйымдастыру және бақылау	Жыл бойы	Васильев О.А. Елюбаева А.
23.	2-курстың ТР, ТРэ, ДМ, СВ, ЭВП, СМ, ЭА топтарында колледж шеберханаларында оқу практикасын ұйымдастыру және өткізу	Кесте бойынша	Васильев О.А. Сулейменов А.Б.
24.	«Жас талап» оқу теплоходындағы дайындық-профилактикалық жұмыстар	Қазан-қараша 2023	Васильев О.А. Соколов В.А. Сдержиков С.А. Рубанников С.В.
25.	41 СМ 41 СВ топтарындағы дипломалдылық практика	Кесте бойынша	Васильев О.А. Соколов В.А. Иманбаев А.Ш.
26.	21 ЭВП тобындағы геодезиялық практика	18.05.-28.06.24	Васильев О.А. Практика жетекшілері
27.	31 СВ, 31 СМ, 31 ЭВП топтарында технологиялық жүзу практикаларын ұйымдастыру	Кесте бойынша	Васильев О.А. Соколов В.А. Кудеринов С.М Иманбаев А.Ш.
28.	Ресурс орталығының, Құзыреттер орталығының жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша)	Жыл бойы	Васильев О.А. Елюбаева А.

29.	КББЖМБ жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша)	Жыл бойы	Васильев О.А. КББЖМБ
30.	2023-2024 оқу жылына есеп құру және жұмысты талдау, 2024-2025 оқу жылына жұмысты жоспарлау	05.07.2024 дейін	Васильев О.А. Соколова В.Г.

## ӨНДІРІСПЕН БАЙЛАНЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ

Шығыс Қазақстан облысы мен Қазақстанның басқа да аймақтарының ұйымдары мен кәсіпорындарына білікті мамандарды тиімді даярлауды ұйымдастыруға әлеуметтік серіктестерді тарту.

Колледждің білім алушыларының практикадан өтуі үшін әлеуметтік серіктестермен байланысты кеңейту, тәлімгерлікті қалпына келтіру, оқытушылардың машықтанудан өтуі, кабинеттер мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын толықтыру колледждің басым мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кәсіптік білім бітірушіге тек қана білімнің жиынтығын емес, сонымен қатар, қарқынды өзгеретін экономикалық жағдайларда жұмысқа дайындықты қамтамасыз ететін құзыреттілік жиынтығын беруі тиіс.

Өндірістік практикада қалыптасатын кәсіптік құзыреттіліктерді қарапайым формула: құзыреттілік = білім + тәжірибе түрінде ұсынуға болады.

№ р/с	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Су және автокөлік мамандықтарынан өндірістік практикалардың қорытындылары бойынша практикалық конференциялар өткізу	Желтоқсан 2023 ақпан 2024.	Васильев О.А., ПЦК төрағалары, Практика жетекшілері
2	Арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындарда машықтануы	Жеке жоспар бойынша	директордың ОӨЖ бойынша орынбасары
3	Автокөлік кәсіпорындарымен курстық және дипломдық жобалардың нақты тақырыптарын таңдау және келісу	Дипломалдылық және технологиялық практикалар кезінде	Автокөлік пәндерінің циклдық комиссиясы
4	Колледждің ықтимал серіктестерінің кәсіпорындардың, автосервистердің мониторингін жасауды жалғастыру	Жыл бойы	Васильев О.А., Практика жетекшілері
5	Колледж мамандықтары бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағаларының кандидатураларын келісу	қараша – желтоқсан 2023ж.	Васильев О.А.
6	Кәсіпорындардың бас мамандарын пәндік комиссиялардың жұмысына	Комиссия жоспары	ПЦК

	тарту	бойынша	
7	2023-2024 оқу жылына оқушыларды қабылдау жоспарын қалыптастыруға кәсіпорындардың тапсырыстарын жинау	Қазан-желтоқсан	Бөлім меңгерушілері, директордың ОӨЖ бойынша орынбасары, директор
8	Колледж мамандықтары бойынша өндірістік практикадан өтуге кәсіпорындармен жаңа келісімшарттар жасау	Жыл бойы	Директор, директордың ОӨЖ бойынша орынбасары
9	Колледжге қабылдау бойынша қала кәсіпорындарында кәсіби бағдар беру жұмыстары	Жыл бойы	КБЖҚжМБ жетекшісі, оқытушылар
10	Колледж оқушыларына жұмысшы біліктілігін беруге жұмыс комиссиясын құру	желтоқсан 2023ж.	Васильев О.А.
11	Колледжде мамандарды даярлау сапасы туралы кәсіпорын басшыларының пікірлері	Жыл бойы	Колледж әкімшілігі
12	Көлік кәсіпорындары және ұйымдарымен ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа шарт жасасу	Жыл бойы	Директор, директордың ОӨЖ бойынша орынбасары
13	Тандаған мамандықтың бейіні бойынша кәсіптік қызметпен танысу үшін облыстың кәсіпорындарына өндірістік саяхаттар өткізу (мамандықтар апталығын өткізу аясында).	Жыл бойы	Пән оқытушылары, ПЦК төрағалары
14	Оқу және жұмыс орындары вакансиялары жәрмеңкелеріне қатысу.	Жыл бойы	КБЖҚжМБ жетекшісі
15	Түлектерді жұмыспен қамту, олардың кәсіпорындарға бейімделуі, кәсіби өсу мүмкіндіктері және еңбек шарттары мәселесі бойынша бітіруші топтардың ата-аналар жиналысына қатысу.	ақпан-сәуір 2024 ж.	КБЖҚжМБ жетекшісі
16	Жұмыспен қамту бағдарламасын жасау үшін бітіруші топтар студенттерімен жұмыс	Жыл бойы	КБЖҚжМБ жетекшісі

**Құзыреттілік орталығының 2022-2023 оқу жылына арналған  
жұмыс жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>
1.	Нормативтік-құқықтық құжаттаманы жүйелеу	Жыл ішінде
2.	Құзырет орталығының қызметі туралы материалдарды тарату	Жыл ішінде
3.	Мамандандырылған жабдықтардың тізімін түзету	Жыл ішінде
4.	Құзыреттіліктер бойынша WSK чемпионаттарына даярлау бағдарламасын әзірлеу	Жыл ішінде
5.	Құзыреттіліктер бойынша WSK чемпионатына дайындық бойынша модуль тапсырмаларын әзірлеу	Жыл ішінде
6.	ЦК жолдамасы бойынша сарапшылар тобының ұйымдастыру кеңестерін өткізу	Жыл ішінде
7.	Дарынды студенттерді анықтау	Жыл ішінде
8.	Даярлау бағдарламасы бойынша ЦК алаңында оқыту өткізу	Жыл ішінде
9.	Құзыреттер бойынша ішкі чемпионатты өткізу	Жыл ішінде
10.	WSK аймақтық чемпионатына дайындық және қатысу	Жыл ішінде
11.	WSK ұлттық чемпионатына дайындық және қатысу	Жыл ішінде
12.	WSK стандарттары бойынша демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу	Оқу үрдісінің кестесі бойынша
13.	Әлеуметтік серіктестермен шарттық қатынастарды дамыту	Жыл ішінде
14.	Абай облысы ИПҚ және студенттерінің біліктілігін арттыру үшін оқытуды ұйымдастыру	Жыл ішінде
15.	"Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ-мен бірлесіп қысқа мерзімді курстар бойынша оқыту	Ресурстық орталықтың кестесі бойынша
16.	КБЖҚжМБ іс-шараларын өткізу	КБЖҚжМБ жоспары бойынша
17.	Жыл ішіндегі жұмыстың қорытындысын шығару	Маусым
18.	2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау	Маусым



## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

### I. Педагогикалық кеңесте талқылауға жоспарланған мәселелер

№ р/с	Жұмыс бөлімдерінің атаулары мен мазмұндары	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар
1.	Колледж студенттерінің үлгерімі мен сабаққа қатысуын арттырудағы дене тәрбиесі оқытушыларының жұмысы	Педагогикалық кеңестік жұмыс жоспарына сәйкес.	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2.	Дене тәрбиесі оқытушыларының студенттердің 1 семестрдегі үлгерімдері бойынша есебі	Қаңтар	Дене тәрбиесінің оқытушылары
3.	Дене тәрбиесі оқытушыларының студенттердің 2 семестрдегі үлгерімдері бойынша есебі	Маусым	Дене тәрбиесінің оқытушылары

### II. Пәндік комиссия отырыстарында талқылауға жоспарланған мәселелер

1.	Дене тәрбиесінен үлгерім мен сабаққа қатысу	желтоқсан	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2.	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту	тамыз	Дене тәрбиесінің оқытушылары
3.	Артта қалған оқытушылармен жұмыс	Жыл бойы	Дене тәрбиесінің оқытушылары
4.	Жеке шығармашылық жоспарларын бекіту	тамыз	Дене тәрбиесінің оқытушылары
5.	Қатысқан сабақтардың, ашық сабақтардың, әдістемелік әзірлемелердің талдамаларын талқылау	Жыл бойы	Дене тәрбиесінің оқытушылары

### III. Оқу және әдістемелік жұмыс

1.	2023 жылдың оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту	тамыз	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2.	Дене тәрбиесі бойынша оқу үдерісінің кестесін жасау	тамыз	ДТ нұсқушысы
3.	Жұмыс бағдарламасына, күнтізбелік-тақырыптық жоспарға, оқу үдерісінің кестесіне және жоспар-конспектіге сәйкес дене тәрбиесінің сабақтарын жүргізу	Жыл бойы	Дене тәрбиесінің оқытушылары
4.	Келесі кезеңдерге бақылау нормативтерінің динамикасын талдау мақсатында жаңадан қабылданған топтарда оқу	қыркүйек - мамыр	Дене тәрбиесінің оқытушылары

	жылының басында және аяғында тестілеу жүргізу		
5.	Президенттік тесттерге дайындалу және тапсыру жұмыстары	қыркүйек – мамыр	Дене тәрбиесінің оқытушылары, ПТ комиссиясы

#### IV. Оқытушылардың біліктіліктері мен шеберліктерін арттыру

1.	Дене тәрбиесі сабақтарына өзара қатысу кестесін құру (2023-2024 оқу жылына)	қыркүйек	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2	Пәндік комиссия жұмысына қатысу	ПЦК жоспары бойынша	Дене тәрбиесінің оқытушылары
3.	Колледждердің дене тәрбиесі оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі жұмысына қатысу	ОӘБ жоспары бойынша	ДТ нұсқаушысы, оқытушылар

#### V. Тәрбие жұмысы

1.	«Спорттық ойындар мен жеңіл атлетика бойынша жарыстар жүргізу ережелері. Дене тәрбиесі сабақтарындағы ҚТ» тақырыбында топтың дене тәрбиесі ұйымдастырушыларымен семинарлық сабақтар жүргізу	қыркүйек	ДТ нұсқаушысы, оқытушылар
2.	Президент тесттері бойынша 2 курс арасында үздік спорттық топқа ереже әзірлеу және байқау-сайыс өткізу (100 м., 3000 м., тартылу, 6 мин. жүгіру)	сәуір	ДТ нұсқаушысы, оқытушылар
3.	Оқу сабақтарын студенттерді дене даярлығы, жалпымәдениеттік, рухани, моралдық-этикалық, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында жүргізу	үнемі	Дене тәрбиесінің оқытушылары

#### VI. Оқу топтарындағы, курстардағы, бөлімдердегі бұқаралық, сауықтыру, дене шынықтыру және спорттық жұмыстар

1	Волейболдан, үстел теннисінен, күзгі кросстан, армрестлингтен, ПВ атудан колледждің дәстүрлі спартакиадасын өткізу	Ережеге сәйкес	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2	Спорттың ойын түрлерінен қала	Жыл бойы	Дене тәрбиесінің

	колледждерімен жолдастық кездесулер өткізу		оқытушылары
3.	Оқу орындары арасында өткізілетін спорт түрлерінен қалалық, облыстық жарыстарға қатысу	ДТ бойынша ОӘБ және туризм және спорт бойынша қалалық басқарманың күнтізбесі	ДТ нұсқаушысы, оқытушылар

## **VII. Дене шынықтыру және спорт жұмыстарының оқу үдерістерін материалдық қамтамасыз ету мәселелері**

1.	Дене тәрбиесі сабақтары мен спорттық секциялар жұмысы үшін қажетті спорттық құралдар мен жабдықтарды жөндеу	Қыркүйек-қараша	Дене тәрбиесі кабинетінің меңгерушісі, шаруашылық бөлімі
2.	Президенттік тестер бойынша сынақ нормативтері мен сынақтарды дайындау мен өту үшін спорт алаңын жөндеу	қыркүйек	Дене тәрбиесі кабинеті
3.	Баскетбол және волейбол алаңдарына белгілер салу, шаңғы құралдары мен жаттығу құрылғыларына жөндеу жүргізу	Қыркүйе, қазан, желтоқсан	Дене тәрбиесі кабинетінің меңгерушісі
4.	2011-2020 жылдарда ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау тұрғысынан дене тәрбиесін дамытудың келешек жоспарына сәйкес оқу сабақтары мен спорт секцияларының жұмысы үшін қажетті спорт құралдарын сатып алу	Қажеттілігіне қарай	Дене тәрбиесі кабинетінің меңгерушісі

## **VIII. Дәрігерлік-медициналық бақылау, педагогикалық бақылау**

1.	Жаңадан қабылданған студенттерді дәрігерлік-медициналық тексеруден өткізу	22.09.2023ж.дейін	Студенттік емхана, колледждің мед.қызметкері
2.	Денсаулық жағдайларына байланысты даярлық тобына және АМТ жатқызылған студенттердің тізімін бекіту	22.09.2023ж.дейін	Студенттік емхана, колледждің мед.қызметкері
3.	Сабақ кезінде белгілі әдістермен оқушылардың денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асыру (ЖҚЖ,	Жыл бойы	Дене тәрбиесінің оқытушылары

	сыртқы түрі және т.б.)		
--	------------------------	--	--

### ІХ. Үгіттеу-насихаттау жұмыстары

1.	Президенттік тесттерді орындау экранын жүйелі толтыру	қазан	Кабинет меңгерушісі
2.	Жарыстар соңында хабарландыру тақтасына колледждің құрама командасының нәтижелерін ілу	қыркүйек-маусым	Кабинет меңгерушісі
3.	Колледждің басты спортшыларының жетістіктері туралы қабырға газеттерін шығару	Жарыстар нәтижесі бойынша	Кабинет меңгерушісі
4.	Қалалық және облыстық деңгейдегі жарыстарда I- III орындар иеленген студенттер мен құрама командаларды марапаттау	үнемі	әкімшілік, кәсіподақ комитеті
5	Спорттың барлық түрлерінен колледж спортшыларының стендтегі фотосуреттерін жаңарту	Сәуірге дейін	Дене тәрбиесінің оқытушылары

### Х. Ұйымдастыру жұмыстары

1.	Жаңадан қабылданған топтарда дене тәрбиесі ұйымдастырушысын сайлау	қыркүйек	Дене тәрбиесінің оқытушылары
2.	Баскетболдан, волейболдан, үстел теннисінен, армспорттан, тоғызқұмалақтан спорт секцияларын жинақтау	қыркүйек - желтоқсан	ДТ нұсқаушысы
3.	Колледждер арасында қала біріншілігіне қатысу үшін құрама команда жинақтау	Жыл бойы	Спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар
4.	Колледждің спорттық-көпшілік іс-шараларының күнтізбесін бекіту	қыркүйек	Спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар
5.	Спорт секцияларына қатысуды жүйелі бақылау, секция журналдарын тексеру	Жыл бойы	ДТ нұсқаушысы
6.	Колледждің басты спортшыларының үлгерімдері мен сабаққа қатысуларын бақылау	үнемі	ДТ нұсқаушысы, оқытушылар, ПЦК

**ШҚО ББ «Көлік колледжі» КМҚК**  
**кітапхана – медиатекасының**  
**2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс**  
**жоспары**

**Кітапхана – медиатеканың миссиясы.**

Кітапхана-медиатека ақпарат пен білімге көбірек негізделген біздің бүгінгі әлемдегі табысты қызмет үшін іргелі маңызы бар ақпарат пен идеяларды ұсынады. Колледждің кітапхана-медиатекасы оқушыларды салауатты өмір салтына жауапкершілікпен қарау және белсенді көзқарасты қалыптастыру және үздіксіз білім алу дағдыларымен қаруландырады.

**Кітапхана – медиатеканың негізгі мақсаттары:**

1. Қолданушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету арқылы білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, олардың мемлекетпен кепілдендірілген кітапханалық-ақпараттық қорды еркін және тегін пайдалану құқығын қамтамасыз ету.
2. Колледждің бірыңғай ақпараттық-білім кеңістігін құру; пайдаланушылардың барлық санаттарына кешенді кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, алуантүрлі ақпараттық, мәдени және тілдік мәнмәтінде олардың ақпараттарға, білімге, идеяларға, мәдени құндылықтарға еркін және қауіпсіз қол жеткізулерін қамтамасыз ету.
3. Азаматтық сана-сезімге тәрбиелеу, білім алушылардың әлеуметтенуіне, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу.
4. Білім алушылардың, олардың мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі оқуын ұйымдастыру.
5. Кітапхана-медиатека жағдайында көпмәдениеттілік қоғамда мәдени тілдік топтар өкілдерінің бейімделуін және мәдениетаралық диалогты дамыту үшін білім алушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жастық, психофизиологиялық, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып оқумен және тұлғааралық қарым-қатынаспен байланысты бос уақыттарын ұйымдастыру.
6. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде мәдени және тілдік әртүрлілік аспектіінде кітапхана-медиатекамен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын жетілдіру, кітапханалық-ақпараттық үдерістерді компьютерлендіруді жетілдіру, киберкеңістікке біріктіру; жайлы кітапхана ортасын ұйымдастыру, оқытушылар мен оқушыларды ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу.

**Кітапхананың-медиатеканың міндеттері:**

- Оқушылар мен оқытушыларға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету жолымен өздігінен білім алуды және оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз ету. Білім жобаларында оқытушылар мен оқушылардың қызметіне көмек көрсету.

- Оқырмандарда кітапхананың тәуелсіз пайдаланушысының дағдыларын қалыптастыру: кітапты және басқадай ақпарат тасымалдаушыларды пайдалануға, ақпаратты іздеуге, іріктеуге және сыни бағалауға үйрету.
- Кітапхананың дәстүрлі технологияларын жетілдіру және жаңа технологияларды игеру. Құжаттарға толықтай және жылдам қол жеткізу мүмкіншілігін қамтамасыз ету. Педагогтарға, ата-аналарға, оқушыларға ақпараттар алуда әдістемелік кеңестік көмек көрсету.
- Ақпараттарды жинау, қорландыру мен өңдеу және оларды пайдаланушыларға жеткізу. Кітапхана-медиатекада бар ақпараттар көзінің негізінде сыныптан тыс жұмыстар өткізу.
- Пайдаланушылар арасында мәнді қарым-қатынасты дамыту, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

### **Кітапхана-медиатеканың негізгі функциялары:**

1. Жинау – кітапхана-медиатека кітапханалық-ақпараттық қорларды қалыптастырады, жинайды, жүйелейді және сақтайды.
2. Қызмет көрсету – кітапхана-медиатека өзінде бар кітапханалық-ақпараттық қорлар туралы ақпарат береді, кітапханалық-ақпараттық қорларды іздестіруді және беруді ұйымдастырады, алыстағы ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
3. Әдістемелік – кітапхана пайдаланушылардың ақпараттық мәдениеті негізінде оқу және әдістемелік материалдарды, алгоритмдер мен ақпараттарды іздеу технологияларын әзірлейді.
4. Оқу – кітапхана пайдаланушылардың әртүрлі санаттарына ақпараттық мәдениет негізінде дайындық ұйымдастырады.
5. Тәрбиелік – кітапхана-медиатека мемлекетке, өз өлкесіне және колледжге деген патриоттық сезімдерді дамытуға жағдай жасайды.
6. Әлеуметтік – кітапхана-медиатека пайдаланушылардың заманауи ақпараттық қоғамға бейімделуіне және өзіндік білім алу қабілеттерінің дамуына көмек көрсетеді.
7. Ағартушылық – кітапхана-медиатека оқушыларды әлемдік және отандық мәдениет қазыналарына тартады.
8. Құрылымдастыру – кітапхана-медиатека пайдаланушылардың құжаттар мен ақпараттарға қажеттілігін толықтай қанағаттандыру үшін өз қызметін колледждің барлық бөлімшелерімен, басқа кітапханалармен, медиатекалармен үйлестіреді.

### **1. Кітапхана-медиатеканың негізгі көрсеткіштері.**

1. Кітап беру: 34606
2. Келушілер саны: 16000

### **2. Кітапхана-медиатеканың қорын қалыптастыру.**

<b>2.1 Оқу әдебиеті қорымен жұмыс</b>	
<b>№</b>	<b>Орындалу</b>

р/с	Жұмыстың мазмұны	мерзімі
1.	Қор қозғалысының қорытындысын шығару. 2023-2024 оқу жылында оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілу диагностикасы	Қыркүйек-қазан
2.	Оқушыларға оқулықтарды беру және қабылдау. Оқу бағдарламаларына сәйкес оқулықтарды беруді толық көлемде қамтамасыз ету	қыркүйек маусым-шілде
3.	Библиографиялық моделді құру және оқу әдебиетінің қорын жинақтау а) библиографиялық басылымдармен жұмыс: прайс-парақша, басылымдардың тақырыптамалық жоспарлары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігімен ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарының тізімі. б) 2023-2024 оқу жылына қойылған талаптарды ескере отырып оқытушылармен бірге оқулықтарға бланкі-тапсырыс құрастыру. в) 2023-2024 оқу жылына бланкі-тапсырысты келісу және бекіту. г) берілген тапсырыстың орындалуына бақылау жүргізу. д) келіп түскен оқулықтарды қабылдау және өңдеу: жөнелтілімдерді ресімдеу, <b>КСУ</b> жазу, мөрқалыптау, картотека ресімдеу, каталогтарға карточкаларды басып шығару, электронды дерекқорға енгізу	қараша  жыл бойы  қазан  қазан-қараша жыл бойы  келіп түсуіне қарай
4.	Оқу қорын сақтау бойынша жұмыстар жүргізу	Қараша, сәуір
5.	Оқу бағдарламаларының ауысуын және тозғанын ескере отырып оқу қорын есептен шығару	Қазан- желтоқсан
6.	Оқу қорын зерттеу және қолданылуын талдау	Жыл бойы
7.	Оқу әдебиетімен қамтамасыз етілу картотекасын жасау	Жыл бойы
8.	«Оқулықтар және оқу құралдарының» электронды дерекқорын құру	келіп түсуіне қарай
9.	Электрондық оқулықтар үшін QR-кодтар құру	Жыл бойы
10.	Мамандықтар бойынша оқулықтар және оқу құралдарымен қамтамасыз етілу картасын жаңарту	Жыл бойы
<b>3. Көркем әдебиет қорымен жұмыс.</b>		
1.	Қор құрамын зерттеу және оның қолданылуына талдама жүргізу	Жыл бойы
2.	Жаңа түсімдерді уақытында қабылдау, жүйелендіру, техникалық өңдеу және тіркеу	Түсуіне қарай
3.	Түскен әдебиеттердің электронды каталогын құру	Түсуіне қарай
4.	Берілген басылымдардың қорға уақытында	үнемі

	қайтарылуын бақылау	
5.	Оқырмандардың жұмысы үшін жайлы жағдайлар тудыру және қолдау	үнемі
<b>4. Қормен және каталогтармен жұмыс.</b>		
1.	Кітапхана-медиатеканы пайдаланушыларға құжаттар беру	үнемі
2.	Кітапхана-медиатеканың қорын дәстүрлі және дәстүрлі емес ақпарат тасымалдағыштармен қалыптастыру	үнемі
3.	Кітапхананың каталогтар жүйесін дәстүрлі және машинамен оқылатын тасымалдағыштарда жүргізу. Келіп түскен әдебиеттердің электронды каталогын құру және жүргізу	үнемі
4.	Каталогтарды редактілеу. Жаңадан енгізілген рубрикалар бойынша картоскаларды қою, есептен шығарылған әдебиеттерден тазарту. Оқырмандар сұранысына және ақпараттың жаңа болуына қарай жаңадан бөлгіштер жасау	Жыл бойы
5.	Оқушылар мен оқытушылар үшін кезеңдік басылымдар картотекаларын толықтыру	Жыл бойы
6.	<b>ББК</b> сәйкес стеллаждарда қордың дұрыс орналасуын сақтау	үнемі
7.	Қорды өңдеу: сөрелердің арасын бөлгіштердің болуы, өңделу эстетикасы <ul style="list-style-type: none"> <li>– ашық қол жетімділік аймағында;</li> <li>– мамандықтар бойынша сөрелерді бөлгіштер;</li> <li>– кітап қоймаларында;</li> </ul>	Жыл бойы
8.	Кітапхана пайдаланушыларының ақпараттарға еркін қол жетімділіктерін қамтамасыз ету	үнемі
<b>2.3. Кітап қорын сақтау бойынша жұмыс.</b>		
1.	Ерекше құнды басылымдардың қорын ұйымдастыру және сақталуына кезеңдік тексерулер жүргізу.	үнемі
2.	Ақпарат тасымалдағышқа келтірілген зиянның орынын толықтыру бойынша белгіленген тәртіппен шаралар қолдану	үнемі
3.	Кітапханаға қарыз адамдардың тізімін жасау	Қазан-қаңтар
4.	Кітапхана әдебиетінің сақталуы мен сақтау шарттарын тексеру мақсатында жатақханаға рейд жасау	желтоқсан
5.	Кітапхана қорының жүйелі сақталуының талап етілетін режимін және физикалық сақталуын қамтамасыз ету. Айына бір рет санитарлық күн жасау.	үнемі
6.	Оқырмандар белсенділерін тарта отырып көркем басылымдарға, әдістемелік әдебиеттерге және	Қажеттілігіне қарай



	оқулықтарға ұсақ жөндеулер жасау бойынша жұмыстар.	
7.	Тозған көркем әдебиеттерді және оқырмандар жоғалтқандардың орнына әдебиеттерді есептен шығару	Қазан, сәуір
8.	Көшірме техникасының көмегімен жоғалған беттерді орнына келтіру	Қажеттілігіне қарай
<b>2.4. Кезеңдік басылымдардың қорын жинақтау.</b>		
1.	2024 жылдың бірінші және екінші жартыжылдығына кезеңдік басылымдарға жазылуды ресімдеу	Қазан, сәуір
2.	Кезеңдік басылымдардың жеткізілуін бақылау	үнемі

### 5. Ақпараттық және анықтамалық-библиографиялық жұмыс.

1.	Оқушылар мен оқытушыларға арналған ақпараттық буклеттер мен тізімдерді жасау	Жыл бойы
2.	Библиографиялық анықтамаларды есепке алу дәптерлерін жүргізу (абонемент, оқу залы)	Жыл бойы
3.	Бірінші курс апталығы (онкүндігі) аясында іс-шаралар циклы. «Кітапхана өзінің ақпараттық ресурстарын сіздер үшін көрсетуге әзір»	қыркүйек
4.	Ақпарат күні «Кітап сенің қолыңда»	ақпан
5.	«Жедел-ақпарат» стендін жаңалау	Жыл бойы
6.	Ақпараттық тізімдер «Жаңа әдебиет», «Жаңа кітап»	Түсуіне қарай
7.	Мамандар күні. 1. ЭВП 2. TP 3. ДМ 4. СВ 5. СМ 6. ЭА	қазан қараша желтоқсан ақпан наурыз сәуір
8.	Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқушыларға кітапханалық-библиографиялық сабақ өткізу	Қыркүйек-қазан
9.	Кітапхана туралы, оның қоры, ақпараттық ресурстары, көрсетілетін қызметтері және т.б. туралы кітапхана сайты жасауды бастау.	Жыл бойы
10.	Оқырмандардың сұранысын ескере отырып ескі папка-жинақтаушыларды толықтыру және жаңасын жасау	Жыл бойы

### 6. Оқырмандармен жұмыс.

№ р/с	Жұмыстардың мазмұны	Орындалу мерзімі

<b>4.1 Жеке жұмыс</b>		
1.	Оқырмандарға абонементте және оқу залында қызмет көрсету: колледж қызметкерлері, оқытушылары және оқушылары	үнемі
2.	Кітаптарды беру кезінде ұсынымдық сұхбаттар	үнемі
3.	Оқығаны туралы сұхбаттар	үнемі
4.	Кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, журналдар туралы ұсынымдық және жарнамалық сұхбаттар.	Түсуіне қарай
5.	Оқырман формулярларын зерттеу және талдау	Жыл бойы
<b>4.2 Педагогикалық ұжыммен жұмыс</b>		
1.	Оқытушыларға жаңа оқу мен әдістемелік әдебиеттер, педагогикалық журналдар мен газеттер туралы ақпарат беру.	Түсуіне қарай
2.	Оқушылардың келесі оқу жылына оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуін диагностикалау	Қантар, ақпан
3.	Сыныптан тыс іс-шараларды дайындауға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойы
<b>4.3 Оқушылармен жұмыс</b>		
1.	Кітапхана-медиатеканың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету	үнемі
2.	Берешегі барларды анықтау мақсатында оқырмандар формулярларын қарап шығу (нәтижесін сынып жетекшілеріне, бөлім меңгерушілеріне хабарлау)	Семестрде 2 рет
3.	Жаңадан жазылған оқырмандармен кітап оқу мәдениеті туралы сұхбат жүргізу. Кітапқа немесе оқулыққа нұқсан келтірсе жауапқа тартылатындығы туралы түсіндіру.	үнемі
4.	Көркем әдебиет пен кезеңдік басылымдарды ұсыну	үнемі
5.	Оқушыларды кітапхана-медиатеканың қорында бар мультимедиа ресурстарымен таныстыру	Жыл бойы

## **7. Әдебиет туралы ақпарат.**

<b>№ р/с</b>	<b>Тақырып</b>	<b>Нысан</b>	<b>Тілі</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>5.1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.</b>				
1.	Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын зерделейміз.	таныстыр ылым	Екі тілде	Ақпан- наурыз
2.	«Менің елім - Қазақстан»	Кітап көрмесі	Екі тілде	қараша
3.	«Жемқорлыққа қарсы күрес күні»	Виртуал. көрме	Екі тілде	желтоқсан

4.	Ата заң- алтын дiңгегiм (ҚР Конституциясы кiнiне)	Сайыс ойыны	Қаз.	Қыркүйек
5.	Қазақстан – менiң Отаным; Моя Родина - Казахстан!	Кiтап көрмесi	Екi тiлде	Қыркүйек
6.	«Библиотека- территория успеха» «Кiтапхана -табыс мекенi» Кiтапхананың ашық есiк кiнi	Акция	Екi тiлде	Қыркүйек
7.	"Соғыс туралы үздiк кiтаптар» (Жеңiс кiнiне орай)	Кiтап көрмесi	Екi тiлде	мамыр
8.	Ерлiк ешқашан ұмытылмайды! (Жеңiс кiнiне арналады)	Буклет тiзбегi	Қаз.	Сәуiр-мамыр
9.	«Ықылыс Дүкенұлының туғанына 180 жыл»	буклет	Қаз.	желтоқсан
10.	«Алтайдың асқақ жыршысы» Оралхан Бөкейдiң туғанына 80 жыл	Бетбелгiлер циклi	Екi тiлде	Қыркүйек
11.	«Мен оқыдым және сiзге де кеңес беремiн»	Библио-кросс	Екi тiлде	Қазан
<b>5.2. Рухани-адамгершiлiкке тәрбиелеу</b>				
1.	«Книга ищет друзей»	Буккроссинг	үнемі	Қыркүйек, маусым
2.	«Бiз Абайды бiлемiз,оқимыз, бағалаймыз»	Әдеби аукцион	Қаз.	қазан
3.	"Кiтапханашы – шығармашыл тұлға", 24 қазан – кiтапханашы кiнi мерекелеу аясында	Кiтапханадағы өзiн-өзi басқару кiнi	Екi тiлде	Қазан
4.	Ниет тазалығы- игiлiк бастауы	Сұхбат	Қаз.	сәуiр
5.	Жақсы сөз - жанға қуат	Кеңес	Қаз.	қараша
6.	« Әр жүректе мейiрiм болсын»	Ашық көрсетiлiм	Орыс	желтоқсан
<b>5.3. Ұлттық тәрбие</b>				
1.	Абай на языке мира	Буклет	орыс.	қараша
2.	«Қазақ халқының салт-дәстүрлерi»	Тақырыптық сөре	орыс	қыркүйек
3.	Қазақстанның бiрлiгi - халықтар достығында. (Қазақстан халықтарының бiрлiгi кiнiне орай)	Ашық көрсетiлiм	Екi тiлде	сәуiр
4.	Ана тiлi – сөздiң пiрi! (Тiл кiнi)	Ашық көрме	Екi тiлде	қыркүйек
5.	«Қазақстанның салт-дәстүрлерi» (кiтап дерек көздерi)	Ашық көрме	Екi тiлде	наурыз
6.	«Бiр колледж - бiр кiтап»	Акция	Қаз.	қараша
7.	«Мен кiтапты ашамын, Мен әлемдi танимын!»	Әдеби кейс	Қаз.	қараша
8.	«Бiз кiтап оқитын ұрпақпыз»	Ерiктiлер қозғалысы	Екi тiлде	Қыркүйек, маусым

		(тұрақты негізде)		
9.	Спандияр Көбеевтің 145 жылдығы	Буклет	орыс	қазан
10.	Теңгеге 30 жыл: Қазақстанның ұлттық валютасы	Ақпараттық бетбелгі	Екі тілде	желтоқсан
11.	«Бабалар үні»	Ауызша журнал	Екі тілде	қараша
12.	«Топтың үздік оқырманы»	сайыс	Екі тілде	қараша
13.	«Отанның тарихы әдебиетте»	Оқырмандар конференциясы	Екі тілде	желтоқсан
14.	«Не? Қайда? Қашан?»	Әдеби кейс	Қаз.	желтоқсан
<b>5.4. Отбасылық тәрбие.</b>				
1.	«Волшебная сила материнской любви»	Ақпараттық бетбелгі	орыс	Мамыр
2.	«Менің үйдегі кітапханам»	Бейнероликтер сайысы	Екі тілде	желтоқсан
3.	«Менің үйімдегі кітап»	сайыс	Екі тілде	қаңтар
<b>5.5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>				
1.	«Я мастер своего дела»	Тақырыптық сәре	орыс	Мамыр
2.	«Мамандықты таңдау – болашағыңды таңдау»	жадынама	Екі тілде	маусым
3.	«Экономика Казахстана – пример стремления ввыс!»	Ашық көрсетілім	орыс	ақпан
4.	«Өз кәсібің туралы көркем әдебиет»	Кітапхана квилті	Қаз.	қараша
1.	«Мамандықты таңдау - жетістікке бір қадам»	Маман күні	Екі тілде	Жеке жоспар бойынша
2.	Дипломдық жобалауға көмек	Ашық көрсетілім	Екі тілде	Ақпан, мамыр
3.	Студентке ғана емес...: оқу процесіне көмектесу	шолу	Екі тілде	қаңтар
4.	По страницам журнала «За рулем»	Мақалалар премьерасы	орыс	желтоқсан
5.	Менің мамандығым – менің мақтанышым!	Кітап көрмесі	Екі тілде	қыркүйек
6.	Менің болашақ кәсібім	Ақпараттық бетбелгілер циклі	Екі тілде	Қазан-қаңтар

7.	Как написать реферат	Жадынама -ұсыным	орыс	ақпан
8.	Нам жить и строит в XXI веке.	Инфо дайджест	орыс	наурыз
9.	«Табиғат тағдыры – адам тағдыры»	Ашық көрме	Қаз.	сәуір
10.	«Экология және біз. Табиғатпен қалай үйлесімді өмір сүруге болады»	Көрме - факт	Екі тілде	қазан
<b>5.6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</b>				
1.	"8 наурыз – керемет мереке» (8 наурызға).	Ашық көрсетілім	Екі тілде	наурыз
2.	«20... жылы өзім оқыған ең қызықты кітап»	Бук слэм	Екі тілде	қаңтар
3.	«Кітаптар желісімен түсірілген көркем фильмдер»	Виртуалды немесе дәстүрлі кітап көрмесі	Екі тілде	қаңтар
4.	«Менің қалам, сенің атауыңда не жасырылған?»	Кітапханалық «Дозор» викторина	Екі тілде	қаңтар
5.	Халықаралық кітап сыйлау күні аясында «Мұқтаждарға кітап сыйла» 14 ақпан	Акция	Екі тілде	ақпан
6.	«Оқуға құштар колледж»	Кітап челленджі	Екі тілде	ақпан
7.	«Книжный звездопад»	Виртуалды көрме	Екі тілде	ақпан
8.	«Путешествуем вместе с литературными героями»	Виртуалды көрме	орыс	наурыз
9.	«Ақындар жырлаған туған өлке»	Әдеби қонақ үй	қаз.	наурыз
10.	«Колледждің жыл оқырманы»	сайыс	Екі тілде	наурыз
11.	«Выставка одного писателя (Л.Н.Толстойдың 195 жылдығына)	Күнтізбе- жадынама	орыс	қазан
12.	«Великие об Тургеневе» (И.С.Тургеневтің 205 жылдығына)	Күнтізбе- жадынама	орыс	қараша
13.	Балалар мен жасөспірімдердің оқуын қолдау	Жеке жоспар бойынша іс- шаралар циклі	Екі тілде	Қыркүйек- желтоқсан
<b>5.7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу</b>				
1.	Жизнь замечательных людей: об	Қызықты	орыс	қазан

	истории возникновения популярной серии книг и ее создателей	хабарлар сағаты		
2.	Семей қаласының тарихы сан қилы.	Ашық көрме	Екі тілде	қазан
3.	«Ұлы ағартушы, дана бабамыз»	Күнтізбелік – жаднама	Қаз.	қараша
4.	Оқы! Біл! Тандан!: сөздіктерге, энциклопедияларға, анықтамаларға шолу	Библиографиялық бетбелгілер	Екі тілде	наурыз
5.	Запечатленная память столетий: біздің кітапхананың раритеттері	Көрме-мұражай	Екі тілде	желтоқсан
6.	«Мобильный телефон: друг или враг: вызовы современности»	бетбелгі	орыс	ақпан
7.	Периодика твой друг, поможет скоротать досуг	ақпараттық дайджест	Екі тілде	қыркүйек

### **5.8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

1.	Денсаулық пен оның құндылықтары	Кітап көрмесі	Екі тілде	қараша
2.	«Мы за здоровый образ жизни!»	Мақалалар премьерасы	орыс	Апрель
3.	«Денсаулық байлық негізі!»	Көрме - дерек	қазақ	қазан
4.	Жасөспірім құқығы және зиянды әдеттер!	Тематикалық сөре	Екі тілде	ақпан

### **6. Біліктілікті арттыру**

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Орындалу мерзімі
1.	Колледждер кітапханаларының ОӘК өткізетін отырыстарға қатысу	ОӘК жоспары бойынша

### **7. Қала кітапханаларымен өзара қызмет**

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Орындалу мерзімі
1.	Қала колледждерінің кітапханаларымен ынтымақтастық. Тәжірибе алмасу.	Жыл бойы
2.	Қала кітапханаларымен өзара қызмет	Жыл бойы

### **Кітапхана кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.**

Кітапхана Кеңесі колледждің тұрақты кеңесші органы және кітапхана-медиатеканың қызметін бақылайтын әдістердің бірі болып табылады.

Кеңес кітапхана-медиатеканың жұмыс сапасын арттыруға жәрдемдеседі, оның практикалық әрекеті кітапхана қоры мен ақпараттық ресурстарға қолжетімдікті қамтамасыз етуге бағытталған болуы тиіс.

### **Кітапхана кеңесінің мақсаттары мен міндеттері.**

Кеңестің негізгі міндеттері:

- кітапхана жұмысын колледждің негізгі бағыттарымен және оқу-тәрбие қызметінің жоспарларымен келісу;
- дәстүрлі және заманауи электрондық технологияларды қолдана отырып пайдаланушыларға ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыру мен дамытуға жәрдемдесу;
- колледждің негізгі ақпараттық базасы ретінде кітапхана қорын толыққанды жинақтау және сақтауды қамтамасыз етуге қатысу;
- кітапхана-медиатекаға жан жақты ғылыми және практикалық, соның ішінде оның техникалық және материалдық жабдықталуы бойынша көмек көрсету.

№ р/с	Тақырып	мерзім	жауапты
1.	Кітапхана Кеңесі жұмысының қорытындысы және жаңа оқу жылына жұмыс жоспары. Оқырмандардың кітапханалық активімен жұмыс	қыркүйек	Дюсупова К.С.
2.	Кітапхана-медиатека - колледждің ақпараттық-білім беру орталығы. Колледждің кітапхана-медиатекасының білім беру қызметі.	қараша	Дюсупова К.С.
3.	Колледждің кітапхана- медиатекасы және өлкетану ақпараты. Колледждің кітапхана-медиатекасы жазылатын мерзімді басылымдарды пайдалануды талдау.	қантар	Мырзаханова Ш.Т.
4.	Инновациялық ақпараттық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану. Жаңа ақпараттық-технологиялық ортада кітапханалық жұмыс үдерістерін жаңғырту.	наурыз	Дюсупова К.С.
5.	Колледж мамандықтары бойынша кітаппен қамтамасыз етілуін талдау. Кітапхана қорларын сапалы жинақтау мәселелері.	мамыр	Мырзаханова Ш.Т.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ  
2023-2024 оқу жылына арналған ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ  
Педагог-психолог Жуасбек Ж. С.**

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, колледжде әлеуметтік-психологиялық жайлы жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өздік тәрбиелеу және өзіндік дамуы қабілеттерін қалыптастыру;
- білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- жеке тұлғаны психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әр білім алушыға, тәрбиеленушіге жеке көзқарасты дараландыруға ықпал ету;
- психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психокоррекциялық жұмысты жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

• **Психологиялық қызмет өз қызметін келесі бағыттарда жүзеге асырады:**

- психодиагностикалық;
- консультациялық
- ағартушылық-профилактикалық
- түзету-дамыту
- әлеуметтік-диспетчерлік
- ұйымдастыру-әдістемелік

<b>I. Бейімделу</b>					
<b>№</b>	<b>Қызмет түрі</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Қатысушылар</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Студенттерге арналған кіріспе сауалнама	Студенттермен әрі қарайғы жұмыс істеу үшін ерекшеліктерді, мотивациялық саланы, құндылықтық бағдарларды анықтау және талдау жасау	Қыркүйек	Жаңадан қабылданған 1-2 курс студенттері	Педагог-психолог
2.	Бейімделу деңгейін анықтау бойынша сауалнама	Студенттерді бейімделу дәрежесі бойынша талдау.	Қыркүйек-казан	Жаңадан қабылданған 1-2 курс студенттері	Педагог-психолог



3.	Дж.Морено әдістемесі бойынша социометриялық зерттеулер	Тұлғааралық қатынастарды зерттеу. Топ ішіндегі байланыстарды, топ көшбасшыларын және қабылданбаған студенттерді анықтау. Топтардың бірлігін бағалау.	қараша	Жаңадан қабылданған 1-2 курс студенттері	Педагог-психолог
4.	Сабақтарға қатысу	Бейімделуді қадағалау мақсатында оқу сабақтары кезінде оқушыларды бақылау	Жыл бойы	Жаңадан қабылданған 1-2 курс студенттері	педагог-психолог,
